

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.206-209

МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ САЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕРІН БАСҚАРУ

Акимбекова Р.

Мемлекеттік бюджеттің салықтық және салықтық емес түсімдерін басқару бойынша теориялық көзқарастарды және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар өңдеу механизмін қалыптастыру, салық және салықтық емес кірістер үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету үшін биліктік өкілеттіктер барлық деңгейдегі басқаруды жетілдіру қажет. Осыған байланысты, мемлекеттік бюджеттің салықтық және салықтық емес түсімдерін басқаруды жетілдіру аса өзекті мәселе.

Сонымен, мемлекеттік бюджеттің салықтық және салықтық емес түсімдерін басқаруды теориялық тұрғыдан қарастырып жағдайын талдау негізінде проблемаларын анықтап, оларды шешуге бағытталған ұсыныстар шешімін әзірлеу зерттеу мақсаты болып табылады.

ҚР бюджет кодексінің 3 бабында анықталғандай, бюджет – мемлекеттің өз міндеттері мен функцияларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз етуге арналған орталықтандырылған ақша қоры [1].

Барлығымыз білетіндей, мемлекеттік бюджет – бұл мемлекеттік билік органдарының заң күші бар, ҚР Парламенті мен облыстық маслихаттар шешімімен бекітілген функцияларын қамтамасыз ету үшін құрылатын ақшалай қаражаттарды қалыптастыру мен жұмсаудың негізгі қаржылық жоспары. Мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттерді біріктіреді.

Бюджеттің анықтамасы мен мазмұнын қарастыра отырып, С. Құлпыбаев, В.Д. Мельников пайымдаулары, бюджет бұл мемлекеттің қажетті атрибуты және оның егемендігінің негізі. Бюджеттің көмегімен тиісті мемлекеттік және муниципалдық құрылымдардың ақшалай қорлары құрылады, бұл қорлар олардың жалпы маңызды міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді, мемлекеттік билік пен жергілікті өзін – өзі басқару органдарының функцияларын жүзеге асырудың қаржылық негізін жасайды. Бюджеттерде мемлекеттің қаржылық ресурстарының аса ірі бөлігі шоғырландырылады, бұл мемлекеттің қаржылық саясатын ойдағыдай жүзеге асыру үшін қажет [2].

Яғни, мемлекеттік бюджет – өз қызметінің қаржыландыруы үшін үкімет өзі пайдаланатын ең ірі ақша қоры.

Мемлекеттік қаржы республикалық және жергілікті деңгейде іс-әрекет етеді және мемлекеттік бюджетті, бюджеттен тыс қорларды, мемлекеттік несиені мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржыларын кірістіреді.

Мемлекеттік қаржылар орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларының жиынтығы, жалпы мемлекеттік және әлеуметтік қажеттіліктерді қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдармен басқарылады.

Мемлекеттің кіріс бөлігін қарастыратын болсақ, олар салықтардан, салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерден және трансферттер бөлімдерінен құрылады.

De Mesquita ВВ мақаласын қарастыра келесі жағдайды белгілеуге болады, салық саясаты және мемлекет политикасы тығыз байланысты екендігін көре аламыз. Саясат институттар салық және басқа да түсімдері қалыптастырады және әр түрлі кезеңде түсімдерге байланысты шешімдер қабылдайды [3].

Мемлекеттік бюджет кірісін талдауын қарастырайық, Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік Кірістер Комитетінің мәліметтеріне сенетін болсақ, 2016 жылдың есебі бойынша мемлекеттік бюджет түсімі 9 308,4 млрд. теңгені, өсу қарқыны 101,1% құрады, оның ішінде салықтық түсімдер 6 023,2 млрд. теңгені немесе 107,8%-ды, салықтық емес түсімдер – 369,4 млрд. теңгені немесе 112,4%, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер – 60,2 млрд.теңгені немесе 104,8%-ды, трансферттердің түсімі 2 855,5 млрд. теңгені немесе 88,3 % құрады.

Соңғы үш жыл ҚР мемлекеттік бюджетке түскен кірістерін қарастырайық (1 кесте).

1– кесте. 2014 – 2016 ж.ж. ҚР мемлекеттік бюджетке түскен кірістер

	Мемлекеттік бюджет	Жоспар	Факт	Ауытқу	Өсу қарқыны %
2014	Түсімдер	7 335 172,2	7 372 229,0	37 056,7	100,5
	Кірістер	7 287 028,2	7 321 276,7	34 248,4	100,5
	Салықтық түсімдер	5 122 307,5	5 115 743,5	-6 564,0	99,9
	Салықтық емес түсімдер	154 696,9	179 487,8	24 790,9	116,0

	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсім	55 023,9	71 045,4	16 021,5	129,1
	Трансферттердің түсімдері	1 955 000,0	1 955 000,0	0,0	100,0
2015	Түсімдер	7 322 024,7	7 711 229,0	389 204,3	105,3
	Кірістер	7 245 764,3	7 634 804,9	389 040,6	105,4
	Салықтық түсімдер	4 516 535,8	4 883 912,8	367 377,1	108,1
	Салықтық емес түсімдер	203 245,4	224 766,5	21 521,1	110,6
	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсім	68 696,4	69 708,6	1012,2	101,5
	Трансферттердің түсімдері	2 457 286,7	2 496 417,0	-869,7	100,0
2016	Түсімдер	9 289 496,4	9 387 254,0	97 757,6	101,1
	Кірістер	9 203 618,9	9 308 485,2	104 866,22	101,1
	Салықтық түсімдер	5 584 895,6	6 023 262,8	438 367,1	107,8
	Салықтық емес түсімдер	328 701,6	369 423,7	40 722,2	112,4
	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсім	57 448,6	60 224,6	2 778,0	104,8
	Трансферттердің түсімдері	3 232 575,1	2 855 574,1	-377 001,0	88,3

Ескерту – Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік Кірістер Комитетінің мәліметтері бойынша автормен құрастырылған

Көріп тұрғанымыздай, 2016 жылы кірістердің өсуі (+1 673,6 млрд.тг) байқалады. Бұл макроэкономикалық жағдай жақсарғаны туралы көрсетеді. Жоспар бойынша 9 203,6 млрд. теңгені құраса, факт бойынша 9 308,4 млрд. теңгені құрады. 2014 жылы мемлекеттік кіріс 7 321,2 млрд. теңгені құраса, ал 2015 жылы 7 634,8 млрд. теңгені құрады.

2016 жылы 5 719,7 млрд теңге жоспарында мемлекеттік бюджетке түскен түсімдер жоспары 108,4%-ды құрады, іс жүзінде 6 451,7 млрд теңге түсіп, 732 млрд теңгеге асыра орындалды.

Салық түсімдерін қарастырсақ, Корпоративтік табыс салығы бойынша 994,6 млрд.теңге сомасындағы бір жылға арналған жоспарда іс жүзінде 1 437, 3 млрд.теңге немесе 117,3% түсті.

2016 жылғы салықтық түсімдердің негізгі үлесін тауарларға, жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге салынатын ішкі салықтар құрады, олар 1 495,6 млрд.теңге немесе олардың жалпы көлемінде 58,3% болды, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын тауарларға салынатын қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) – 453,5 млрд.теңге немесе 61,5%,28 Қазақстан Республикасының аумағында жасалған тауарларға, орындалған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерге салынатын ҚҚС – 525,3 млрд.теңге немесе 11,4%, резидент емес тұлғаларға салынатын ҚҚС – 96,1 млрд.теңге немесе 4,7% болды. Жеке табыс салығын 2014 жылмен салыстырғанда 117,3 % - ға орындалғанын, әлеуметтік салық 2014 жылға қарағанда 2015 жылы 14,0 % - ға өскенін, жер салығының 2015 жылға қарағанда 2016 жылы 2 % - ға өскендігін, басқа да салықтардың бюджетке түсуі 2014 жылға қарағанда 2016 жылы жоғары орындалғанын, сонымен қатар басқа да салық түсімдерінің өсу қарқынын көре аламыз.

Салықтық емес түсімдер бойынша есепті жылға арналған жоспардағы 151,4 млрд.теңгенің орнына 369,4 млрд.теңге немесе 163,6% түсті, оның ішінде басым түсім басқа да салықтық емес түсімдер – 206,3 млрд. теңге құрады. Екінші сатыда, мемлекет меншігінен түскен кіріс – 100,5 млрд. теңге немесе 123,9%, 2016 жылы құраса, 2015 жылы 124 млрд. теңге құраған. Үшінші деңгейге кредит бойынша сыйақылар – 57,9 млрд. теңгені, тауарларды сатудан түскен түсім – 3,1 млрд. теңге, мемлекеттік сатып алулардан түскен қаржы құрады – 237,7 млн. теңге құрады. Гранттарға келетін болсақ, 2014 жылы орталық мемлекеттік органдар тартатын гранттар - 40 мың. теңге құраса, 2015 жылы гранттар нөлдік дәрежеде болды, 2016 жылы жергілікті атқарушы органдар тартатын гранттар – 106 мың. теңге құрады.

Жоспардың артығымен орындалуы салықтар есебінен қамтамасыз етілді. Олар күтілгеннен 438, 3 млрд. теңгеге артық түсті, ол экономикалық субъектілердің іскерлік белсенділігінің өсуін айқындайды. Сондықтан да Ұлттық қордан мемлекеттік трансферт азырақ алынды.

Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік Кірістер Комитетінің мәліметі бойынша, мемлекеттік бюджетке салық түсімдерінің артық түсуі, өзгермелі айырбас бағамына көшу негіз болды.

Жалпы алғанда, мемлекеттік кіріс жүйесін жетілдірудегі негізгі бағыттары келесідей болуы керек:

Ø бюджеттің дұрыс және жақсы орындалуы бірқатар заңнамалық, ұйымдастырушылық және рәсімдік шараларды т. б. ұйымдастыру;

Ø республикалық бюджетке кепілдендірілген трансфертті қысқарту жолдарын қарастыру;

Ø салық жүйесінде тұрақтылықты қалыптастыру және максималды жеңілдету;

Ø резидент тұлғаларға инфляциялық үдерісті ескеріп, салық салудың жеңілдіктер ұсыну;

Ø ағымдағы трансферт сомаларын облыстық бюджеттерге дұрыс бөлу;

Ұйымдастырушылық шараларды және заң нормаларды сақтау кезінде, толық есептілік және ашық экономика қағидасын басшылыққа ала, бір – бірін тыңдай біле, барлық ұсыныстарды орындап, бос орнында толтыра отырып, бюджет жүйесін жақсартып біз жетістікке жете аламыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Бюджет кодекс (13.03.2017г. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

2. С. Құлпыбаев, В.Д. Мельников Қаржы негіздері: жоғары оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы. 2009 – 372 бет.

3. De Mesquita ВВ. Political science research and methods - A Political Economy of Income Tax Policies.// Cambridge Univ Press, 2016

Ғылыми жетекші: Тлеужанова Д.А. э.ғ.к., доцент м.а.